

*Қолданбалы психология және психотерапия*  
*Прикладная психология и психотерапия*  
*Applied psychology and psychotherapy*

FTAMP 15.14.21

<https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.07>

И.Р.ХАЛИТОВА<sup>1\*</sup>, Н.О.АТЕМКУЛОВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),  
khalitova4646@gmail.com\*, naz.0506@mail.ru

**СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК  
ПЕДАГОГТЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

*Аңдатпа*

Әлемдегі суицидтік ахуал туралы ақпараттарда Қазақстан, Қытай, Ресейден кейін үшінші орынды иеленіпті. Жастар мен балалар арасындағы осы жағдай олардың тәрбиесіне мектепте, әсіресе бастауышта, мектепке дейінгі кезеңде назар аудару қажет екеніне жаңсайды. Осы кіші жастағы кезде олардың сана-сезіміне өзінің және басқалардың өмірін бағалауды орнықтыру, көпшіліктің назарын осы мәселеге аудару үшін, әлеуметтік педагогтардың оқушылар және ата-аналар, педагогтар қауымы және басқалармен жұмыс жоспарын түзіп оны іске асыру қажеттігі бар. Жасөспірім, жеткіншек жастағы балалар арасында девиантты қылықтарды жою, суицидтің алдын алудың жолдары, біріншіден, мектепке дейінгі ұйымдарды әлеуметтік педагогтармен қамтамасыз ету; екіншіден, бастауыш мектеп оқушыларына жеке әлеуметтік педагог бекіту; үшінші, мектептердегі әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарында суицидтің және девианттың алдын алу шараларының орын алуы міндеттелуі тиіс.

*Түйін сөздер:* алдын алу; ата-аналар; оқушылар; жоспар; суицид; кеңес; мәлімет.

**Кіріспе.** Мақаланың мақсаты-суицидтің алдын алу үшін мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш сыныптарда әлеуметтік-педагогикалық қызметке ерекше назар аударудың қажеттігін көрсету; оның бір жолы ретінде мектептегі әлеуметтік педагогтың суицидтің алдын алу жоспарын ұсыну.

Көрсетілген мақсатты жүзеге асыру жолдарын қарастыра келе, алдымен суицид мәселесіненазараударыпонаыңқазақстандағы орын алуына талдаулар зерделенді. Осыған орай әлеуметтік педагогтардың мектептегі жұмыс жоспары, әлеуметтік педагогтың іс-қағаздарын жүргізуі секілді құжаттарда суицид мәселесіне назар аударылмағаны белгілі болды.

**Негізгі бөлім.** Бұл мәселеге Балалар құқы туралы БҰҰ Конвенциясында [1], «Қазақстандағы БҰҰ балалар қоры (Детский фонд ООН в Казахстане)» баянда-

масында [2], Қазақстан Республикасы балалар құқығын қорғау [3], Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарында... педагогтар мен оқушылар арасында, оқушылар арасында қақтығысты жағдайға жол бермеу үшін жауапкершілігін арттыру туралы» секілді басқа да құжаттар негізге алынды [4]. Елімізде бұл мәселені Ж.Ж.Әкімбаева мен А.И.Ахметова зерттеп келеді [5]. Балалар суицидінің алдын алу ресейлік зерттеушілер В.В.Полякова [6], О.В.Лапа т.б. еңбектерінде орын тепкен [7].

Балалардың өмірге қызығуын арттырып, нашар әдеттерден сақтауға әлеуметтік педагогтың жұмысын күшейту жолдарын қарастырған жөн. Ондай жолдардың бірі кезінде жойып жіберген мектепке дейінгі ұйымдардағы әлеуметтік-педагогикалық жұмысты қалыбына келтіру. Балалар

біздің болашағымыз болса, оларды дұрыс тәрбиелеуден бас тартпауымыз, әлгі 5 жастан басталатын суицидке бейімділік азаярма еді.

Тағы бір мәселе, бастауыш сынып оқушылары, аздан соң жеткіншек жасқа өтеді. Суицидті зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек осы жас кезеңіндегі балаларда суицид көп болатын көрінеді. Әсіресе ұл балалар арасында жиі кездесетіні айтылуда. Демек бастауыш сыныпта балабақшадағы тәрбиені жалғастыру үшін оларға жеке әлеуметтік педагог тағайындауды шұғыл іске асыру жолдарын қарастырса болар еді [8].

Себебі арнайы маман ретінде дайындықтан өткен әлеуметтік педагогтар жұмысты сауатты ұйымдастырар еді. Осындай мамандардың жетіспеуінен мектеп, орта кәсіптік оқу орындарында әлеуметтік-педагогикалық қызметті мамандығы физика мұғалімі немесе дене шынықтыру оқытушысы атқарып жүрген жағдайлар баршылық [9].

Суицид тақырыбы ерте кезден бастап, ойлы тұлғалардың назарына іліккен. И.Л.Шелехов және Т.В.Каштанова суицид тарихы мен теориялық тұстарына арналған еңбекте осы мәселені талдап келтірген [10]. Суицидті отбасында диагностикалаудың әдістемесін А.Г.Амбрумова [11], мінез-құлқында ауытқуы бар балалармен жұмыс технологияларын В.В.Полякова [12], Н.Б.Семенова [13], жеткіншектердің мінез-құлқындағы суицидтің алдын алу, А.Е.Ивановалар ресейдегі суицид мәселесін зерттеген [14].

Келтірілген авторлардан басқа да көптеген зерттеуші ғалымдар суицид мәселесін философия, психология, педагогика, әлеуметтік педагогика т.б. ғылымдар тұрғысынан зерттей келе, оның туындау себептері, салдарын, алдын алу мәселелерін зерделеген. Бұлардан басқа суицидтің әлеуметтік-педагогикалық алдын алуды мазмұны мен әдістемесін К.Ф.Елшібаева [15], В.И.Силяхина [16], С.А.Васицвалар өз еңбектерінде қарастырған [17].

**Әдіснама.** Әлемде суицидтің үнемі өсуі үрейлендіреді. Сондықтан жыл сайын 10 қыркүйек - Дүниежүзілік суицидтің алдын алу күні-болып белгіленген. Жалпы адамдарды өзіне-өзі қол жұмсауға не итермелейді? Жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесі ұшынып тұр. Бұл мәселемен қалай күресу керек?

Алдымен еліміздегі өзіне-өзі қол жұмсау статистикасына назар аударыңыздар. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикасы бойынша 2020 жылдың маусымына дейін елде 1661 (тілші – немесе 1662) азамат өзіне қол жұмсаған. Олардың 1325 ер, 307 әйел. Толық статистикамен мына жерден таныса аласыздар.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының (ДДСҰ) мәліметінше, әр 40 секунд сайын 1 адам өз-өзіне қол жұмсауға барады. Жыл сайын 800 мыңға жуық адам өз-өзіне қол жұмсаса, ал одан да көп адам осы әрекетке баруға тырысады. Төмен және орташа табысы бар елдер әлемдегі суицидтің 79% құрайды. Өңірлер тұрғысынан суицидтің ең көп Алматы (425), Шығыс Қазақстан (411) және Түркістан (342) облыстарында суицид тіркелді. Өз-өзіне қол жұмсау-денсаулық сақтаудың күрделі проблемасы. Дегенмен, уақытылы, дәлелді және жиі араласулар арқылы суицидтің алдын алуға болады [18].

Мектептегі, колледждегі әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарларын талдау нәтижесінде, оларда арнайы суицидтің алдын алуға бағытталған жоспардың болмағанына көз жеткіздік. Бұл мәселе кейбір жұмыс жоспарында бір ғана рет көрсетілгені белгілі болды. Осыны және суицид мәселесінің елімізде ерекше белең алуына байланысты арнайы жеке жоспар болуы тиіс деп ұйғарып, өз тарапымыздан «Әлеуметтік педагогтың суицидтің алдын алу жұмыстарының жоспарын» № 1-кестеде ұсындық.

Кесте 1

**Әлеуметтік педагогтың суицидтің алдын алу жұмыстарының жоспары**

Р/С	Сыныптар	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	5, 10 сынып оқушылары	Тұлғааралық мәміле «Социометриялық» диагностикалау	Қазан	Әлеуметтік педагог
2	Әлеуметтік педагог	Сынып сағаты, дөңгелек үстел, қалқаншадағы (стенд) мәліметтер	Жыл бойы	Тәрбие жұмысын меңгеруші, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
3	1-11 сынып оқушылары	Суицидті мінез-құлықпен суицидті тәуекел балалар мен қатал тәрбие көрген жеткіншектерді диагностикалау	Жыл бойы	Педагог-психолог
4	1, 5, 10 сынып оқушылары	Оқудың жаңа сатысына (1, 5, 10 сынып) көтерілген оқушылардың бейімделуі мен психикасының саулығын зерттеу; дезадаптация жағдайларын анықтау	Қазан-қаңтар	Педагог-психолог
5	Ата-аналар (заңдытұлғалар)	Ата-аналар үшін семинар ұйымдастыру; суицидті жағдайды ескертетін шағын парақшалар мен кітапшалар тарату	Қыркүйек	Педагог-психолог
6	1-11 сынып оқушылары, ата-аналар	Қосымша білім беру ұйымдары, спорт т.б. бірлестіктер, «сенім телефоны», психологиялық, әлеуметтік көмек ұйымдары жайлы мәліметтер беру	Қыркүйек	Сынып жетекші
7	6-11 сынып оқушылары	Әлеуметтік-психологиялық тестілеу	Қазан	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог
8	1-11 сынып оқушылары, ата-аналар	Балалар мен ата-аналарға мектеп сайтындағы шұғыл көмек қызметі жайлы түсіндіру, мәлімет беру	Қараша	Тәрбие жұмысын меңгеруші ИКТ
9	1-11 сынып оқушылары	Күрделі өмір жағдайы, әлеуметтік қауіпті ахуалдағы балалармен және басқа да оқушылармен де-малыс кезінде салауатты өмір салтын нығайту, демалыс шараларын ұйымдастыру	Қараша, наурыз, маусым	Тәрбие жұмысын меңгеруші, сыныпжетекші
10	1-11 сынып оқушылары	Сабақтан тыс уақытта балалардың немен шұғылданатынын бақылау	Жыл бойы	Тәрбие жұмысын меңгеруші
11	9 сынып оқушылары	Абыржуын тоқтату және эмоционалды жай-күйін қалыбына келтіретін жаттығу элементтерін мүмкіндігінше қолдану	Наурыз-сәуір	Педагог- психолог
12	Сынып оқушылары	«Девиантты қылықтардың алдын алу» үшін топтар ішінде психологиялық жаттығулар өткізу	Жыл бойы (сұрау бойынша)	Педагог- психолог

13	6-7 сынып оқушылары	«Өмір құн», «Өмірдің мәні мен мақсаты» секілді тақырыптарда тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	Жыл бойы (сұрау бойынша)	Педагог- психолог
14	8 сынып оқушылары (қыздар)	Оқушыларда «жыныстық тәрбие», «жеке гигиена», «ерте жастан ауыраяқ болу» туралы тәрбие сағаттарында осыған орай ұғымдар қалыптастыру	Ақпан-сәуір	Педагог- психолог
15	Сынып оқушылары	Мінез-құлқындағы ерекшеліктерді зерттеу	Қараша-желтоқсан жыл бойы (сұрау бойынша)	Педагог- психолог
16	Ата - аналар	Ата-аналармен суицидтің алдыналу, балалармен қатал тәрбие туралы оқулар ұйымдастыру	Қаңтар-сәуір	Тәрбие жұмысын меңгеруші
17	1-11 сынып оқушылары, ата-аналар	Кенес берулер	Жыл бойы	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог
18	1-11 сынып оқушылары, ата-аналар	Ата-аналар мен балаларға шұғыл көмек қызметі жайлы мәліметтер беру	Жыл бойы	Сынып жетекші, педагог-психолог, әлеуметтік педагог
19	1-11 сынып оқушылары, ата-аналар	«Бәріміз біргеміз» алдын алудың бір күндік іс-шарасын өткізу; балаларға арналған «сенім телефоны», халықаралық балалар күнін өткізу	17 мамыр	Педагог-психолог, сынып жетекші
20	Педагогтар	Мектеп директорымен кеңес. Суицидті мінез-құлықтың алдыналу жағдайы, кәметке толмаған балалармен қатал тәрбие шараларын болдырмау мәселелерін қарастыру	Жыл бойы	Тәрбие жұмысын меңгеруші
21	«Тәуекел топ» оқушылары	Жеке және топпен түзету шаралары	Жыл бойы	Педагог-психолог
22	1-11 сынып оқушылары	Жеке психофизиологиялық жаттығуларды бағдарламалар бойынша жүргізу	Жыл бойы (сұрау бойынша)	Педагог-психолог
23	«Тәуекел топ» жеткіншектер (8-11 сынып)	Суицидті мінез-құлықты диагностикалау	Жыл бойы	Педагог-психолог
24	1-11 сынып оқушылары	Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру: әлеуметтік мәнді жобалар, бәсеке жарыстар, әртүрлі нақандарға қатыстыру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог ұйымдастырушы, сынып жетекші
25	«Тәуекел топ» оқушылары	Шұғыл алғашқы көмек беру, бала қауіпсіздігін сақтау, шошынуын тоқтату (стресс)	Жыл бойы (сұрау бойынша)	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог
26	1-11 сынып оқушылары	Торығудан (кризис) шығару терапиясы	Жыл бойы (сұрау бойынша)	Педагог-психолог
27	«Тәуекел топ» оқушылары	Тұрмыс жағдайы күрделі, әлеуметтік қауіпті ахуалдағы жекелеген отбасылармен жұмыс	Қажетіне қарай	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог

28	1-11 сынып оқушылары	Алдын алу мәселелері бойынша тиісті мекемелермен байланыс орнату, ювенал, көмек, пана беру т.б.	Жыл бойы	Тәрбие жұмысын меңгеруші
29	1-11 сынып оқушылары	ПМПК: педагогика-медицина-психология-көмек	Жыл бойы	Тәрбие жұмысын меңгеруші
30	«Тәуекел топ» оқушылары	Әлеуметтік қауіпті ахуалдағы балалардың бос уақытына мониторинг ұйымдастыру: қосымша білім, басқа да сабақтан тыс шұғылданулары бойынша	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог
31	«Тәуекел топ» оқушылары	Әлеуметтік қауіпті ахуалдағы балалар мен отбасыларды қадағалау рейдін іске асыру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, заң қызметкері
32	«Тәуекел топ» оқушылары	Әлеуметтік қауіпті ахуалдағы балалар мен отбасыларды жеке карталарға ендіру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, сынып жетекші

Мектептегі тәрбие жұмысы мен әлеуметтік педагогтың жұмыс жопарының тығыз болуына байланысты жеке оқушы, оқушылар тобы және көпшілік жұмыс формаларын кезектестіре келе, жұмыстың шынайы іске асу мүмкіндігін ескеруге ұмтылды.

Мектептегі әлеуметтік педагог, жұмыс мазмұны, оны жүзеге асыру мүмкіндігі басқа да мәселелерді ескере келе, ұсынылған жоспардың мазмұны басқа да бөлімдеріне өзгертулер ендіре алады. Бірақ та, оқушылар, педагогтар қауымы, ата-аналармен суицидтің алдын алу жайлы жұмысқа салғырт қарауға болмайтынын ескертеміз [19].

Әлеуметтік педагогтың суицид-ке қарсы оқушылармен жұмыс жоспарын қарастырдық. Енді назарымызды ата-аналарға аударуымыз қажет. Себебі, олардың көпшілігі бұл мәселеден мүлдем сауатсыз. Сондықтан әлеуметтік педагог олармен көпшілік, топтық жеке жұмыстарды жоспарлайды. Көпшілік жұмыста ата-аналар үшін семинарлар, дөңгелек үстел, пікір алмасу үшін пікірталастар мен пікірсайыстар ұйымдастырады. Жұмысты жоспарлауда ата-аналардың қатысу мүмкіндігін ескермесе олар қатыса алмайды, демек жұмыстан нәтиже шықпайды. Ол үшін ата-аналар комитеті,

мектеп басшылығы, сынып жетекшілері, психолог басқа да мамандардың да үлес қосу жағдайларын ескеру маңызды. Жоспарда алдымен ата-аналарға суицидология ілімінен мәлімет беру, бастауыш мектеп оқушылары, жеткіншектер 5-7 сыныптар, жасөспірімдер 8-9 сыныптар, бойжеткен, бозбала 9-10-11 сынып оқушыларының психологиялық сипаттамасымен таныстырып, осы жас кезеңдеріндегі суицидтік ахуалдардан нақты статистикалық мәліметтермен хабардар етіп, болған суицидтік ахуалдың себеп салдарынан ақпарлар беріледі.

Мұндағы мақсат, ата-аналарды мәселенің қаншалықты өзекті екенін дәлелдеп, сол арқылы ба-лаларына көбірек уақыт бөліп олардың қуанышы, ішкі сезімдерінен хабардар болуға бейімдеу. Сонымен қатар оларды балаларына әлеуметтік-педагогикалық ықпал ету әдіс, тәсіл, амалдарымен қамтамасыз ету. Жоспарға ендіретін тағы бір жұмыс, ол ата-аналармен отбасы мәселелері. Бұл жерде әлеуметтік педагог қандай отбасы жағдайларының бала психикасына теріс әсер етіп, суицидке итермелейтінін атап көрсетеді. Осы тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырып, оған ата-аналарды алдын-ала даярлаған дұрыс болар еді. Мысалы, ата-аналардың ішінен бірнешеуі от-

басы мәселелері туралы ақпарат әзірлеп, басқаларға баяндап, мысалдар көрсетсе өте жақсы болар еді. Жоспарда мұны да ескерген жөн. Бұлармен қатар, жоспарда ювинал қызметкерлерін қатыстырса, ата-аналарға нанымды болар еді. Әлеуметтік педагог пен психолог бұл іс-шараларға ата-аналарды алдын-ала даярлап, презентациялар, көрнекі материалдармен қоса нұсқаулықтар әзірлеп таратады. Ата-аналардың бөлек тұруы және ажырасуы-зерттеулер ата-аналары бөлек тұратын немесе ажырасқан балалармен жасөспірімдер арасында суицид (өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері) қаупі жоғары екенін анықталды. Зерттеулерде ата-аналардың психикалық ауру белгілері—құлазу, кейбір затты пайдалану және шамадан тыс пайдаланумен байланысты бұзушылықтар пайда болған, қоғамға жат қылық жолына түскен жағдайларды қоса алғанда, психикалық ауру белгілері бар, ата-аналары бар балалар арасында өзіне-өзі қол жұмсау және соған әрекеттену статистикасы жоғары деп санайды. Оның үстіне, суицид құрбандарының отбасыларында кейбір затты пайдалану мен шамадан тыс пайдаланумен байланысты құлазу және тоқырау деңгейі аса жоғары екені анықталды [20]. Зерттеулердің көпшілігі отбасындағы суицидтік оқиғалар-балалар мен жасөспірімдердің суицидке және өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттеріне баруы бұрын отбасында болған суицидтік оқиғалар мен мінез-құлық нысандарымен байланысты екенін анықтады. Көптеген зерттеулерде отбасындағы зорлық-зомбылықты қоса алғанда, ата-аналардың арасындағы дау-жанжалдарды бақылаған балалардың өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің жоғары екенін көрсетті. Негізінде балалар отбасындағы дау-жанжалдардың өздеріне қол жұмсауға баруына себеп болғаны туралы жиі айтты. Бала кезде физикалық немесе сексуалдық зорлық көру – зерттеулердің бірқатары дене мүшесіне қасақана зақым келтіру сияқты, бала кезде басынан өткен физикалық немесе сексуалдық зорлық көру мен суицидтік қауіп-қатер және оған әрекеттену арасындағы байланысты зерттеді [21].

Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас және ол қарым-қатынастардың әлсіздігі, отбасындағы лайықсыз қарым-қатынас дағдылары, сонымен қатар тәртіпті қоса алғанда, ата-аналар тарапынан бақылау шаралары мен асыра немесе керісінше төмен бағалауы балалар арасындағы суицид қаупінің өсуімен байланысты екенін көрсету үшін зерттеушілік жолмен жинақталған көптеген дәлел бар. Суицидтің алдын алу мақсатында жүргізілетін негізгі жұмыстарда ескеретін ұстанымдар:

- психолог, әлеуметтік педагог және оқушы арасында өзара сенімнің болуы;
- оқушы отбасымен тығыз байланыста болуына шарт түзетін әр түрлі іс-шаралар мен жеке әңгімелесу;
- баланың балалық шағын қорғау;
- суицид белгілері байқалған оқушымен жұмыста құпиялықты сақтау [22];

Суицид мәселесінің маңыздылығын ескере келе, өз тұсымыздан әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмыс жоспарын ұсынамыз. Келтірілген № 2-кестедегі «Балалар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс жоспары» әлеуметтік педагогтың ата-аналармен жұмыс жоспарының мазмұны мен мерзіміне қатысты өзгертулер ендіруіне болады. Бірақ та бұл жұмысты іске асыру аса маңызды екенін атап көрсетеміз. Ата-аналарға қосымша білім ұйымдары туралы мәліметтер беру, «Сенім телефоны», «психологиялық кеңес» кабинеттері, мәдени орталықтар мен әлеуметтік көмек орталықтары т.б. [23]. Бұлармен қатар ата-аналарға балалардың бос уақытта немен шұғылданатынын бақылау, отбасымен мәдени демалыстың балалар үшін маңыздылығын ұғындыру; Халықаралық «Сенім телефоны» күнін атап өту т.б. іс-шаралар ұйымдастыру әлеуметтік педагогтың жұмыстарының бірі. Әлеуметтік педагог ата-аналарға арналған суицид туралы мәлімет беретін нұсқаулық әзірлеп таратуы, оларға жақсы көмек болар еді [24].

Ата-аналарға арналған нұсқаулықтың мазмұны қамтылуы тиіс.

**Балалар арасындағы суицидтің алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс жоспары**

Р/с	Іс-шаралар мазмұны	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	Мектеп оқушыларының ата-аналары кеңесінде суицидке қарсы жұмыс бағдарламасымен таныстыру	Суицидтің алдын алу шараларын ынтымақтасып өткізуге ата-аналар мен педагогтарды тарту	Жыл басында	Әлеуметтік педагог, ата-аналар
2	Суицид дегеніміз не? Семинар	Ата-аналар, педагогтар қауымын суицид мәселесімен таныстыру	Параллел сыныптармен, жылына бір рет	Ата-аналар, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог
3	Суицидтің туындау себептері	«Дөңгелек үстел» - ата-аналарға, педагогтарға ақпарат беру	Бір рет, оқушылардың ата-аналары	Ата-аналар кеңесі, әлеуметтік педагог
4	Суицидтің белгілері	Ата-аналарға бақылау жолдарын түсіндіру	Жылына бір рет	Психолог, әлеуметтік педагог
5	Біз қандай ата-анамыз? Сауалнама нәтижелерін талдау	Ата-анамен пікірсайыс ұйымдастыру	Уақытты жағдайға қарай белгілеу	Психолог, әлеуметтік педагог
6	Бастауыш сынып оқушыларымен «Біздің отбасы» сауық кеші не ертеңгілік	Баланың отбасына сүйіспеншілігін арттыру	Наурыз мерекесіне орай	Психолог, әлеуметтік педагог
7	«Мен өмірді сүйемін» сурет көрмесін ұйымдастыру 5-7 сынып оқушылары	Баланың өмірге қызығуын арттыру	Мамыр	Ата-аналар кеңесі, психолог, әлеуметтік педагог
8	«Мен болашақты аңсаймын» 8-11 сыныптар эссе, өлең, жыр жазып, оныкөпшілік алдында жариялау	Оқушыларды болашақ өмірге бағдарлау	Наурыз-сәуір	Ата-аналар кеңесі, психолог, әлеуметтік педагог

Нұсқаулықтың кіріспесінде мәселенің өзектілігімен, ондағы отбасының қызметі дәріптеледі. Одан соң әлемдегі және Қазақстандағы ахуалға қысқаша шолу арқылы ата-аналардың балаларына көбірек көңіл бөлуінің қажеттігі дәлелденеді. Әлемде және Қазақстандағы жеткіншек, жасөспірім, бойжеткен, бозбалалар арасындағы суицид туралы қысқаша нақты мәліметтер келтіру. Мына ақпаратқа назар аударсақ: Жыл сайын 10–20 миллион адам суицид жасауға

бекінеді. Олардың бір миллионға жуығы жарық дүниемен қош айтысады. Алдыңғы қатарлы суицид жасаушылардың отаны ретінде, басқасын айтпағанда көрші мемлекеттер Ресей мен Қытай және Қазақстанды айтуға болады. Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан азаматтарының өз өмірін қиюы бойынша әлемде үшінші орынды алады. Ал осыдан үш жыл бұрын деректер бойынша Қазақстан бесінші орында болатын [25].

Әлемде жыл сайын бір миллиондай адам өзін-өзі өлтіреді. Бір миллион адамның 8 мыңы Қазақстандықтардан тұрады. Бұл дегеніміз әрбір сағат сайын бір қазақстандық суицид жасайды дегенді білдіреді. Бір өкініштісі, суицидтік әрекетке барғандар, еліміздің болашағы деп санаған жас буын өкілдері.

**Нәтижелер және пікір алмасу.** Мектептегі әлеуметтік педагог, мектепке практикаға барған студенттер, оқушылардың ата-аналары т.б. пікір алмасу барысында белгілі болғаны көпшіліктің балаларға назар аударуға мүмкіндіктің жеткіліксіз екендігі, суицид және оның себептері мен белгілері жайлы мәліметтерінің үстір, жеткіліксіз екені белгілі болды.

Сондықтан мектептегі әлеуметтік педагог осы мәселеге байланысты жұмыс мазмұнын кеңейтіп, педагогтар қауымы, ата-аналарға қажетті мәліметтер беруі тиіс. Бұл жұмысты жоспарылы, бірізділікпен, үздіксіз жүргізудің маңызды екеніне назар аударылды. Суицидке қарсы әрекетте әлеуметтік педагог, мектеп психологі ата-аналармен одақтасып балалармен жұмысты жоспар мен нұсқаулыққа сәйкес жүргізуі нәтижелі болары анық. Ата-аналар әлеуметтік педагог пен психологтың кеңесінсіз істі дұрыс жүргізе алмауы мүмкін. Сондықтан нұсқаулық жасау қажет. Жасөспірімдер мен жеткіншектердің өзіне-өзі қол жұмсауы жөніндегі мәселе бойынша ата-аналармен пікір алмасу нәтижесінде, оларға мынадай кеңес берілді:

1. Ата-аналар арасындағы дау-жанжалға балаларды араластырмау, оны көрмесе, естімесе тіпті жақсы болар еді.

2. Балалардың бойындағы жақсы қасиеттері мен қабілеттерін, сапаларын атап көрсетіп, оны дамытудың пайдасы, өмірге тигізетін септігі жайлы әңгімелесу. Сол арқылы өмірге, болашаққа қызықтыру, мақсатын айқындауға көмектесу.

3. Қиналған, күрделі жағдайларын біліп, оларды жеңуге көмектесу.

4. Жеткіншектердің аумалы - төкпелі мінездерін, тұрақсыз көзқарастарын сынға ала бермей, ненің, қалай екенін ұғынықты етіп, психологиялық жағымды

тыныс орнатып қолдау көрсету. Олар ата-анасының ең жақын адам екенін, әрқашан көмекке дайын екенін ұғынуы тиіс.

5. Жеткіншек жастағы балаға қол жұмсауға болмайтынын ескертеміз.

6. Әсіресе жеткіншек жастағы балалар ата-анасының өзін шексіз жақсы көретінін сезінуі тиіс. Олармен жақын болып, көбірек әңгімелесу маңызды.

7. Өз құқығы мен міндеттерін анық ұғынуы қажет. Мысалы мектепте, үйде, көшеде, құрбыларымен т.с.с.

8. Қатыгездіктен қатыгездік туындайтынын ұмытпаңыз. Тек қана түсіністік баланы жақсы әрекеттерге жетелейді.

9. Өз балаңызды басқалармен салыстыруға болмайды. Кемшіліктерін түзетудің пайдалы, тиімді жолдарын қарастыруға болады, мысалы, сөздерді, дауыс ырғағын ойлана отырып таңдаңыз.

10. Отбасы мүшелері бірін-бірі кінәлай бермей, мәселені шешудің байыпты жолдарын қарастыру керек.

11. «Бала-отбасының айнасы» - деген сөзді қаперден шығарып алмай, балаларыңызға ерекше назар аударыңыз [26].

**Қорытынды.** Мектептегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың аса маңызды бөлімі суицидке қарсы әрекеттер. Осы тұрғыда біз ұсынған жұмыс жоспарын, жалпы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жоспарына кіріктіріп пайдалануға да болады. Бірақта сөзсіз іске асырылуы тиіс. Қиын жағдайда көңілін аулап, жан-дүниесіндегі күйзелістерін бөлісетін, жақсы көретін адамның болуы баланың басқаларға, өзіне сенімін арттырады. Осы әрекеттер оның өз өмірін қиынан бас тартуына алып келетіні анық.

«Құрметті ата-аналар! өз балаларыңыз қандай болса, сол болмысымен қабылдаңыздар!

Қадірлі ата-аналар! «Бала отбасының айнасы» дегенді ұмытпаңыз, балалардың тәрбиелі болып өсуіне, дамуына көмектесу арқылы, өз еңбегіңіздің нәтижесін көресіз».

Бұл кеңес әлеуметтік педагог әзірлеген нұсқаулықтан орын алуы тиіс. Келтірілген ата-аналармен жұмыс жо-



спары міндетті емес. Әр әлеуметтік педагог оқушылардың құрамы, отбасы жағдайы, мектеп орналасқан мекеннің ерекшеліктеріне байланысты өз жоспарын түзе алады. Маңыздысы жоспардың болуы мен бірге, оның іске асуының айқындығы. Ұсыныс: суицидтің алдын алу үшін, біріншіден, мектепке дейінгі

ұйымдарды әлеуметтік педагогтармен қамтамасыз ету; екіншіден, бастауыш мектеп оқушыларына жеке әлеуметтік педагог бекіту; үшінші, мектептердегі әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарында суицидтің және девианттың алдын алу шараларының орын алуы міндеттелуі тиіс.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- [1] Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы: Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қауылысы. – 08.06.1994 [Электрондық ресурс]: URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_) (өтінім берілген күні: 20.03.2021).
- [2] Детский фонд ООН в Казахстане: отчет. – Астана. – 2010 [Электрондық ресурс]: URL: [www.unicef.org](http://www.unicef.org) (өтінім берілген күні: 20.03.2021).
- [3] Бала құқығын қорғау туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – 12.02.2001. - № 223 [Электрондық ресурс]: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> (өтінім берілген күні: 19.03.2021).
- [4] Оқыту мен тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасау және педагогтер мен оқушылар, сонымен қатар оқушылар арасында шиеленіс жағдайды болдырмау үшін білім беру ұйымдары басшылары мен педагог қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру туралы ҚР БЖҒМ бұйрығы. – 28.06.2013. - № 247 [Электрондық ресурс]: URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31413998#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31413998#activate_doc=2) (өтінім берілген күні: 16.03.2021).
- [5] Әкімбаева Ж.Ж., Ахметова А.И. Өмірді бағалап үйренейік: Балалар суицидін алдын-алу бойынша ата-аналарға, педагогтерге арналған құрал. - Алматы, 2011.
- [6] Полякова В.В. Профилактика детских суицидов и их связь с семейными конфликтами. – Кызыл, 2017 – 35 с.
- [7] Лапа О.В. Социально-педагогическая профилактика суицидального поведения сельских детей и молодежи // Психология и образование. – 2014. - № 12(11) [Электрондық ресурс]: URL: <https://7universum.com/ru/psy/archive/item/1775> (өтінім берілген күні: 20.03.2021).
- [8] Mehlum L. The internet, suicide, and suicide prevention / Crisis: The Journal of Crisis Intervention and Suicide Prevention. 2000. Vol. 21, № 4. – P.186-188.
- [9] Нурмухамбетова Т., Абдикаримова Г., Абишев А., Сапатаева Г., Меңдіғалиева Ш. Өскекен ұрпақ арасындағы суицидті алдын-алу жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: Педагогика ғылымдар сериясы. 2020. - № 3. – 66-74 бб.
- [10] Шелехов И.Л., Каштанова Т.В., Корнетов А.Н., Толстолес Е.С. Суицидология: учебное пособие. – Томск: СГМУ, 2011. – 203 с.
- [11] Амбрумова А.Г., Постовалова Л.И. Семейная диагностика в суицидологической практике: Методические рекомендации. – М., 1983. – 51 с.
- [12] Полякова В.В. Психологические технологии работы с детьми с отклоняющимся поведением: Практическое пособие. – Новосибирск, 2008. – 104 с.
- [13] Семенова Н.Б. Профилактика суицидального поведения у подростков Республики Тыва: Методические рекомендации. – Кызыл, 2008. – 35 с.
- [14] Иванова А.Е., Сабгайда Т.П., Семенова Т.П. и др. Смертность российских подростков от самоубийств. – М., 2011. – 133 с.
- [15] Елшібаева К.Ф. Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу. – Алматы: Арман, 2012 [Электрондық ресурс]: URL: <http://artpsy.kz/zhas-spirimderdi-suitsidke-baru-rek/> (өтінім берілген күні: 15.03.2021).
- [16] Силяхина В.И. Система работы по профилактике суицида (методические рекомендации). – Кривой Рог: СОШ № 4, 2005. – 34 с.
- [17] Васицева С.А. Профилактика суицидального поведения несовершеннолетних: Методические рекомендации. – Смоленск: ГАУ ДПО СОИРО, 2017. – 105 с.
- [18] Суицид среди детей в Казахстане. Специальный доклад ЮНИСЕФ: Детский фонд ООН / ЮНИСЕФ/

в Республике Казахстан. – Астана, 2010. – 31 с. [Электрондық ресурс]: URL: [www.unicef.kz](http://www.unicef.kz) (өтінім берілген күні: 20.03.2021).

[19] Халитова І. Әлеуметтік педагогика: Оқу құралы. - Алматы: Білім, 2007. - 200 б.

[20] Daigle M. Reaching suicidal people with media campaigns. new challenges for a new cen 7 tury / M. Daigle, L. Beausoleil, J.Brisoux, S.Raymond, L.Charbonneau, J.Desaulniers // Crisis: The Journal of Crisis Intervention and Suicide Prevention. 2006. Vol. 27, № 4. – P.172-180.

[21] Ахметов Д.М., Махмутова К.И. Оқушы – жеткіншектердің суицидтік мінез-құлқының дамуына медиа өнімдерінің әсері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: Педагогика ғылымдары сериясы. - 2018. - №1(57). - 209-214 бб.

[22] Dervic K., Oquendo M.A. Suicidal and Self-Harming Preschoolers/Journal of the American Academy of Child & Adolescent Psychiatry Home AACAP Home. Volume 58, ISSUE 1, 2019. - 22-24 p.p.

[23] Мусина Г.М. Оқушылардың суицидтік мінез-құлқына педагогикалық ықпал ету // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы: Педагогика ғылымдары сериясы. – 2017. - № 2(54). - 309-313 бб.

[24] Becker K., Schmidt M.H. Internet chat rooms and suicide // Journal of the American Academy of Child and Adolescent Psychiatry. 2004. 43. – P.246-247

[25] World Health Organization. (2019). Suicide in the world: global health estimates. World Health Organization. <https://apps.who.int/iris/handle/10665/326948>. License: CC BY-NC-SA 3.0 IGO (өтінім берілген күні: 20.03.2021).

[26] Узакбаева С.А., Сарканбаева Г.К., Тилеубаева Г.С. Проблемы профилактики суицидального поведения подростков в школе // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы: Педагогика ғылымдары сериясы. – 2017. - № 3(55). - 8-14 бб.

#### References

[1] Bala kuckytary turaly Konvenciyany ratifikaciyalau turaly: Kazakstan Respublikasynyn Zhogargy Kenesinin kauylsyy. – 08.06.1994 [Elektronдық resurs]: URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_) (otinin berilgen kuni: 20.03.2021).

[2] Detskij fond OON v Kazahstane: otchet. – Astana. – 2010 [Elektronдық resurs]: URL: [www.unicef.kz](http://www.unicef.kz) [www.unicef.org](http://www.unicef.org) (otinin berilgen kuni: 20.03.2021).

[3] Bala kuckygyn korgau turaly: Kazakstan Respublikasynyn Zany. – 12.02.2001. - № 223 [Elektronдық resurs]: URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> (otinin berilgen kuni: 19.03.2021).

[4] Okytu men tarbieleuge kolajly zhagdaj zhasau zhane pedagogter men okushylar, sonymen katar okushylar arasynda shielenis zhagdajdy boldyrmau ushin bilim beru uymdary basshylary men pedagog kyzmetkerlerinin zhauapkershiligin arttyru turaly KR BzhGM bujrygy. – 28.06.2013. – № 247 [Elektronдық resurs]: URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31413998#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31413998#activate_doc=2) (otinin berilgen kuni: 16.03.2021).

[5] Akimbaeva Zh.Zh., Ahmetova A.I. Omirdi bagalap ujrenejik: Balalar suicidin aldyn-alu bojnsha ata-analarga, pedagogterge arналган kural. - Almaty, 2011.

[6] Polyakova V.V. Profilaktika detskih suicidov i ih svyaz' s semejnymi konfliktami. - Kyzyl, 2017 – 35 s.

[7] Lapa O.V. Social'no-pedagogicheskaya profilaktika suicidal'nogo povedeniya sel'skih detej i molodezhi // Psihologiya i obrazovanie. – 2014. - № 12(11) [Elektronдық resurs]: URL: <https://universum.com/ru/psy/archive/item/1775> (otinin berilgen kuni: 20.03.2021).

[8] Mehlum L. The internet, suicide, and suicide prevention / Crisis: The Journal of Crisis Intervention and Suicide Prevention. 2000. Vol. 21, № 4. – P.186-188.

[9] Nurmuhambetova T., Abdikarimova G., Abishev A., Sapataeva G., Mendigalieva Sh. Oskelen urpak arasyndagy suicidti aldyn-alu zholdary // Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy: Pedagogika gylymdar seriyasy. 2020. - № 3. – 66-74 bb.

[10] Shelekhov I.L., Kashtanova T.V., Kornetov A.N., Tolstoles E.S. Suicidologiya: uchebnoe posobie. – Tomsk: SGMU, 2011. – 203 s.

[11] Ambrumova A.G., Postovalova L.I. Semejnaya diagnostika v suicidologicheskoy praktike: Metodicheskie rekomendacii. – M., 1983. – 51 s.

[12] Polyakova V.V. Psihologicheskie tekhnologii raboty s det'mi s otklonyayushchimsya povedeniem: Prakticheskoe posobie. – Novosibirsk, 2008. – 104 s.

- [13] Semenova N.B. Profilaktika suicidal'nogo povedeniya u podrostkov Respubliki Tyva: Metodicheskie rekomendacii. – Kyzyl, 2008. – 35 s.
- [14] Ivanova A.E., Sabgajda T.P., Semenova T.P. i dr. Smertnost' rossijskih podrostkov ot samoubijstv. – M., 2011. – 133 s.
- [15] Elshibaeva K.G. Zhasospirimder arasyndagy suicidtin aldyn alu. – Almaty: Arman, 2012 [Elektronnyk resurs]: URL: <http://artpsy.kz/zhas-spirimderdi-suitsidke-baru-rek/> (otnim berilgen kuni: 15.03.2021).
- [16] Silyahina V.I. Sistema raboty po profilaktike suicida (metodicheskie rekomendacii). – Krivoj Rog: SOSh № 4, 2005. – 34 s.
- [17] Vasiceva S.A. Profilaktika suicidal'nogo povedeniya nesovershennoletnih: Metodicheskie rekomendacii. – Smolensk: GAU DPO SOIRO, 2017. – 105 s.
- [18] Suicid sredi detej v Kazahstane. Special'nyj doklad YuNISEF: Detskij fond OON / YuNISEF/ v Respublike Kazahstan. – Astana, 2010. – 31 s. [Elektronnyk resurs]: URL: [www.unicef.kz](http://www.unicef.kz) (otnim berilgen kuni: 20.03.2021).
- [19] Halitova I. Aleumettik pedagogika: Oku kuraly. – Almaty: Bilim, 2007. – 200 b.
- [20] Daigle M. Reaching suicidal people with media campaigns. new challenges for a new cen 7 tury / M. Daigle, L. Beausoleil, J. Brisoux, S. Raymond, L. Charbonneau, J. Desaulniers // Crisis: The Journal of Crisis Intervention and Suicide Prevention. 2006. Vol. 27, № 4. – P.172-180.
- [21] Ahmetov D.M., Mahmutova K.I. Okushy – zhetkinshekterdin suicidtik minez-kulkynyn damuyna media onimderinin aseri // Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy: Pedagogika gylymdary seriyasy. – 2018. – №1(57). – 209–214 bb.
- [22] Dervic K., Oquendo M.A. Suicidal and Self-Harming Preschoolers/Journal of the American Academy of Child & Adolescent Psychiatry Home AACAP Home. Volume 58, ISSUE 1, 2019. – 22-24 p.p.
- [23] Musina G.M. Okushylardyn suicidtik minez-kulkyna pedagogikalyk ykpal etu // Abaj atyndagy KazUPU Habarshy: Pedagogika gylymdary seriyasy. – 2017. – № 2(54). – 309-313 bb.
- [24] Becker K., Schmidt M.H. Internet chat rooms and suicide // Journal of the American Academy of Child and Adolescent Psychiatry. 2004. 43. – P.246-247
- [25] World Health Organization. (2019). Suicide in the world: global health estimates. World Health Organization. <https://apps.who.int/iris/handle/10665/326948>. License: CC BY-NC-SA 3.0 IGO (otnim berilgen kuni: 20.03.2021).
- [26] Uzakbaeva S.A., Sarkanbaeva G.K., Tileubaeva G.S. Problemy profilaktiki suicidal'nogo povedeniya podrostkov v shkole // Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy: Pedagogika gylymdary seriyasy. – 2017. – № 3(55). – 8-14 bb.

### План работы социального педагога в школе по профилактике суицида

*И.Р.Халитова<sup>1</sup>, Н.О.Атемкулова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

#### *Аннотация*

По суицидальному состоянию в мире Казахстан занимает третье место после Китая и России. Данная ситуация среди детей и молодежи дает повод задуматься о воспитании детей в дошкольном возрасте, особенно в начальной школе. Начиная с самых младших лет необходимо внедрить в их сознание и чувство ценить свою жизнь и жизнь других. Для того, чтобы заострить внимание социальных педагогов на данную проблему, предлагаем план работы с учащимися и их родителями. Важный путь преодоление суицида и девиантного поведения среди детей подросткового возраста, во-первых, обеспечить дошкольных организации социальными педагогами; во-вторых, для работы с учащимися начальной школы укрепить отдельно социального педагога; в третьих, в план работы социального педагога малокомплектных школ включить, обязательно мероприятие по профилактике суицида и девиантного поведение среди учащихся.

*Ключевые слова:* профилактика; родители; учащиеся; план; суицид; советы; информация.

**Plan of work of a social teacher in a school for suicide prevention**

*I.R. Halitova<sup>1</sup>, N.O. Atemkulova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Almaty, Kazakhstan)*

*Abstract*

According to the suicidal state in the world, Kazakhstan ranks third after China and Russia. This situation among children and young people gives reason to think about the education of children in preschool age, especially in primary school. Starting from the youngest years, it is necessary to instill in their consciousness and sense of valuing their own life and the lives of others. In order to focus the attention of social educators on this problem, we offer a plan of work with students and their parents. An important way to overcome suicide and deviant behavior among adolescent children is, firstly, to provide preschool organizations with social teachers; secondly, to work with primary school students, to strengthen a separate social teacher; thirdly, to include an event on the prevention of suicide and deviant behavior among students in the work plan of a social teacher of small schools.

*Keywords:* prevention; parents; students; plan; suicide; tips; information.

*Редакцияға 08.06. 2021 қабылданды.*

*МРНТИ 15.41.31*

*<https://doi.org/10.51889/2021-2.2077-6861.08>*

*A.C. АКРАМОВА<sup>1\*</sup>, А.И. ШАЙСУЛТАНОВА<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан),  
Akramova\_@mail.ru\*, shaisultanova33@mail.ru*

**СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ РАБОТА С ПОДРОСТКАМИ  
ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ИЗ НЕБЛАГОПОЛУЧНЫХ СЕМЕЙ**

*Аннотация*

В статье рассматривается проблема девиантного поведения подростков. По мере развития теории и практики педагогики и психологии девиантного поведения возникает необходимость изучения данной темы не только педагогами, психологами, а также юристами, социальными работниками, медиками. Авторы представили обзор зарубежной литературы по проблеме девиантного поведения, анализ методов и способов изучения отклоняющегося поведения подростков, а также биологических и наследственных причин возникновения данного явления. Авторы обращают внимание на влияние семейных форм воспитания, приводящих к антисоциальному и девиантному поведению. Неблагополучие семьи является одним из главных фактором отклонений в социальном, психологическом, педагогическом развитии ребенка. В статье приведены стили взаимоотношений в семье, которые могут привести к формированию неправильного социального поведения подростков, дан анализ социально-педагогической работе с подростками девиантного поведения.

*Ключевые слова:* девиантность; подросток; семья; социально-педагогическая работа; формирование.

**Введение.** Проблема девиантного поведения подростков в современных условиях еще более обозначилась и считается на сегодня одной из актуальных. Наше общество всегда обращает внимание на людей, чье поведение отличается от общепринятого. Отклоняющееся поведение является объектом изучения не только социальной педагогики, психологии, а также философии, религии, социологии и других различных наук. В последние годы в социуме возрос интерес к данной проблеме, что обусловило важность исследования причин, вызывающих отклоняющееся от социальных норм поведение.